

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 қыркүйектегі N 870

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының банкрот деп танылуына байланысты, "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының маңызды стратегиялық мәнін ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Конкурстық массаны сатудың:

1) "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін бірыңғай лотпен с а т у д ы ;

2) "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін сатып алушының жылына кемінде 2000 трактор мен бульдозер өндіруді қамтамасыз етуді;

3) конкурстық массаның бастапқы бағасы бірінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан кем болмауын;

4) конкурстық массаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өкілдерінің қатысуымен сатуды;

5) банкроттық рәсімдерін жүргізу қайта құрылымдау және күзгі-қысқы кезеңге дайындық жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру үшін қарымды инвесторларды т а р т у д ы ;

6) қарымды инвесторлардың қайта құрылымдауға және күзгі-қысқы кезеңге дайындыққа кететін шығындарын банкроттық рәсімдерін жүргізумен байланысты әкімшілік шығыстарына жатқызуды көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

1) трактор өндірісін қайта ұйымдастырғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмылдыру тапсырмасы туралы ұсыныс енгізсін;

2) мүліктік кешенді сатып алушыға өндірістік мақсаттарда Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бекіткен кесте бойынша, кейіннен орнын толтыра отырып, "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының материалдық резерв қоймаларында сақталып жатқан нормадан тыс тауарлық-материалдық құндылықтардың бронін алуға және оларды алып пайдалануға р ұ қ с а т б е р с і н .

3. Конкурстық массаны сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар көзделсін;

1) конкурстық массаны сатудан түскен қаржылар жетіспейтін жағдайда үшінші кезектегі кредиторлардың өкілетті өкілдерімен келісім бойынша осындай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК